

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны»

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды реттеуге арналған отырыстың

№ 1 ХАТТАМАСЫ

Қаратау қаласы

05.01.2026 жыл

Төрайым: «Әйгерім» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі М.А.Салыбекова
Хатшы: «Әйгерім» бөбекжай-бақшасының әдіскері Н.Омарова

ҚАТЫСҚАНДАР:

Қатысқандардың жалпы саны: 57 адам

Дәлелсіз себеппен келмегендері: жоқ

Дәлелді себептермен келмегендері: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2026 жылға Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты жүргізілетін жұмыстардың жоспарын бекіту.

ТЫНДАЛДЫ: «Әйгерім» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Салыбекова Майра Ануаровнаның 2026 жылға Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты жүргізілетін жұмыстардың жоспарын бекіту туралы мәлімдемесі.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші Салыбекова Майра Ануаровна барлық қызметкерлерді бекітілген жұмыс жоспары бойынша орындалатын іс-шаралардың атауларымен, мақсатымен, орындау мерзімдерімен және жауаптылармен таныстырды.

Меңгеруші өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылатынын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себепті анықтау және олардың салдарын жою және де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп тексеру екенін айта кетті.

ШЕШІМ:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты жүргізілетін жұмыстардың іс-шаралары бекітілген жоспарға сәйкес орындалып, масс-медиада уақытылы жариялансын.

Төрайым

М.А.Салыбекова

Хатшы

Н.Е.Омарова